**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 мамырдағы N 418

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 карашадағы N 1435-6 Іс қаулысына (құпия);

2) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1700 P971700_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 52, 480-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережеде:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасын инвесторлардың алдына білдіруге уәкілеттік берілген орталық атқарушы органмен және" деген сөздер "уәкілеттік берілген мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "қызметін" деген сөзбен, "қолданылып жүрген заңдарда көзделген" деген сөздерден кейін "өз" деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеңінен таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқық алған" деген сөздер "қолданылып жүрген заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "шарттарын және қызметкерлерге еңбек ақы төлеу қорын" деген сөздер алынып тасталсын, "өкілдігін" деген сөз "аймақтық құрылымдық бөлімшелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "валюталықты қоса алғанда банктерде шоттары" деген сөздер " банктік шоттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

төртінші абзацтағы "экономика мен жер қойнауын пайдаланудың басымдықты секторларын" деген сөздер "республиканың экономикасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "нақты" деген сөз алынып тасталсын;

8-тармақта:
сегізінші абзацтағы "мен жер қойнауын пайдаланудың, жеке кәсіпкерлікті, шағын және орташа бизнесті дамытудың басқа да басымдықты салаларына" деген сөздер алынып тасталсын;
оныншы абзацтағы "инвестициялық тендерлер мен аукциондар" деген сөздер алынып тасталсын;
он бесінші абзацтағы "жер қойнауын пайдалану құқықтарының ашық сауда-саттығына байланысты құжаттарды" деген сөздер алынып тасталсын;
он жетінші абзацтағы "инвестициялық тендерлер мен аукциондар" деген сөздер алынып тасталсын;
9-тармақта:
екінші абзацтағы "және үкіметаралық келісімдер" деген сөздер алынып тасталсын;
төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдалануды лицензиялау жөніндегі жұмыс органы болуға";
алтыншы абзацтағы "стратегиялық маңызды инвестициялық жобалар" деген сөздер "жер қойнауын пайдаланудың маңызды жобалары" деген сөздермен ауыстырылсын;
сегізінші абзацтағы "инвестициялық тендерлер мен аукциондарға" деген сөздер алынып тасталсын;
тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен берілген лицензияларды тоқтата тұру немесе кері қайтару жөнінде не олардың шарттарын өзгерту жөнінде тиісті органдарға ұсыныс енгізуге";
он алтыншы абзацтағы "Комитеттің аймақтық және шетелдік өкілдіктерін, сондай-ақ Инвестициялар жөніндегі ғылыми-ақпарат орталығын" деген сөздер " аймақтық құрылымдық бөлімшелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;
10-тармақтың алтыншы және жетінші абзацтарындағы "инвестициялық тендерлер мен аукциондар", "инвестициялық тендерлер мен аукциондардың" деген сөздер алынып тасталсын;
12-тармақтың екінші абзацындағы "және шетелдік өкілдіктерінің" деген сөздер " құрылымдық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын. "Инвестициялар жөніндегі ғылыми-ақпарат орталығының" деген сөздер алынып тасталсын;
14-тармақтың үшінші, бесінші және алтыншы абзацтарындағы "дирекциясының" деген сөз алынып тасталсын;
15, 16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
"15. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын үйлестіреді, барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, инвесторлармен, шетелдік мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың делегацияларымен келіссөздерде Комитетті білдіреді, заңдарда белгіленген тәртіппен халықаралық шарттарға қол қояды, инвестициялардың көлемі 30

000 000 (отыз миллион) АҚШ долларына баламды сомадан асатын келісім шарттарға қол қояды, сондай-ақ Комитеттің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Комитеттің атқарушы директоры, ол болмаған кезде Комитеттің төрағасын алмастырады, Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған тікелей басшылық жасайды, оның ішінде:

директорлардың, қызметтер басшыларының және Комитеттің баска да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберлерін айқындайды;

Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

инвесторлармен және жер қойнауын пайдаланушылармен инвестициялардың көлемі 30 000 000 (отыз миллион) АҚШ долларына баламды сомадан аспайтын келісім-шарттарға қол қояды;

өзіне Комитеттің төрағасы жүктеген өзге де міндеттерді орындайды.

16. Комитетте, құрамына лауазымы бойынша: Комитеттің төрағасы (алқаның төрағасы), атқарушы директор, Комитеттің директорлары, Қаржы министрлігінің, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің, Әділет министрлігінің өкілдері кіретін 9 адамнан тұратын алқа құрылады.

17. Комитеттің жанынан отандық және шетелдік инвесторлар мен жер қойнауын пайдаланушылар бар консультациялық-кеңесуші орган - Консультациялық кеңес құрылады. Консультациялық кеңестің жеке құрамы мен жұмысының тәртібін Комитеттің төрағасы белгілейді.";

18-тармақтың екінші абзацындағы "Комитет төрағасының бұйрықтарымен" деген сөздер алынып тасталсын;

19-тармақ алынып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Комитет жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін Комитеттің аймақтық құрылымдық бөлімшесі - бөлімшелер құруға құқылы.

Комитеттің бөлімшелерін құру туралы шешімді Комитеттің төрағасы қабылдайды. Комитеттің бөлімшелері туралы ережені, сондай-ақ бөлімшелердің саны мен құрылымын Комитеттің төрағасы бекітеді.

Комитеттің бөлімшесінің қызметін атқарушы директор қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бөлімшенің басшысы басқарады. Комитет бөлімшесінің басшысы бөлімшенің барлық жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Орталық аппарат (дирекциялар мен қызметтер), бөлімшелер мен ведомстволар Комитеттің бірыңғай жүйесін құрайды".

20-24-тармақтар тиісінше 19, 20, 21-тармақтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК